

Күлдірсін Сейтжанқызы

Қазақ тілінің қоғамдық, әлеуметтік қызметін негіздейтін, жандандыратын жаңаша сипаттағы антропологистикалық бағытта іргелі еңбек етіп, сапалы маман даярлау ісіне үлкен үлес қосқан педагогтардың бірі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі Сарышова Күлдірсін Сейтжанқызы.

Педагог саланы зерттеу барысында екі монография мен бір оқу құралын жазып, бастауыш сынып оқушыларына арналған үш оқу-әдістемелік кешен құрастыруға қатысты. Сонымен қатар, ҚРБЖҒМ БҒСБК ұсынған журналдарда, Нью-Йорк, Кипр, Түркияда өткен халықаралық, республикалық ғылыми конференция жинақтарында және Scopus деректер базасындағы ғылыми басылымдарда жарық көрген 100-ге тарта ғылыми мақаланың авторы.

Бүгінде ұстаздан білім алған түлектер әр салада жауапты қызмет атқарып, ел дамуына үлес қосуда. Айталық, шәкірттері Аида Абибуллаева – облыстық мәслихат депутаты, Қазпошта АҚ облыстық филиалының директоры, Мұхтар Ниязов – Қызылорда облыстық халық шығармашылығы және мәдени продюсерлік орталығының директоры, Ботакөз Бексары – республикалық, облыстық мүшәйралардың жүлдегері, 50-ге тарта ән мәтінінің авторы. Мақсат Дауылбай – ақын, облыстық "Рухани жаңғыру" орталығы КММ директоры.